**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ**

# ЖАЛПЫ ДАМУДЫҢ ПӘНДІК МАМАНДАНДЫРЫЛМАҒАН МҰҒАЛІМДЕРІН ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ № 6 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы** **24. 04.2023 жыл**

**Қатысқандар:** АК төрағасы – п.ғ.к, қауымдастырылған профессор Е.Б.Ауелбеков, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының меңгерушісі, доцент С.Акназаров, АК мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы М.Шаханбаев, АК мүшесі, академиялық персонал - Бейнелеу өнері кафедрасының п.ғ.д., профессоры Қ.Е.Ералин, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының п.ғ.д., профессоры Б.Мухамеджанов, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының оқытушысы Г.Қасымбекова, АК мүшесі, академиялық персонал – Бейнелеу өнері кафедрасының аға оқытушысы Г.Д.Абдуллаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының п.ғ.к., Ә.Б.Күздеубаева, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Н.К.Айменов, АК мүшесі, академиялық персонал – Орындаушылық өнер кафедрасының аға оқытушысы Р.Н.Ельжанова, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Б.Ж.Қуанышбаев, АК мүшесі, академиялық персонал – Дене мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы Т.Б.Қасенов, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – №24 мектеп директоры С.А.Құрақбаев, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі - Ж.Ташенов атындағы №23 IT мектеп-лицейі КММ директоры Ж.Ж.Азретбергенова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Ататүрік атындағы №17 мектеп гимназиясы директоры Р.К.Урумова.

## Күн тәртібінде:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу.
4. ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Е.Ауелбеков:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыттары бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау, сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**АК мүшесі, С.Акназаров:** «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларындағы ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау жүргізілуде, ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында ББ бойынша сұранысқа жауап бере алатын сапалы маман дайындау мақсатында 240 кредиттен 260 кредитке көтеру үшін айтылған ұсынысқа университет басшылығының оң қабақ танытып, қолдау көрсеткендігін және 2-8 қосымша үшін қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын сатып алуға факультеттерден ұсыныс беруге мүмкіндік жасауын ББ үшін үлкен қолдау екендігіне тоқталды.

**АК мүшесі, Р.Н.Ельжанова:** ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімі анықталды. Әр ББ бойынша пән оқытушыларының тізімі адам ресурстары бөлімі берген үлгі бойынша гулг дискте excell форматында дайындалып, аты-жөні, ЖСН, мекен-жайы, жұмыс орны, бітірген оқу орны, дипломдары, беретін пәндері, біліктілік сертификаттары және сол пәндер бойынша пән оқытушысының біліктілігінің сәйкестігі анықталып көрсетілді. Әр ББ бойынша пән оқытушыларының біліктілік тізімі олардың болашақ маман даярлау бағыттарына сәйкес әрі ББ-ның өзіндік ерекшеліктеріне байланысты жасалынуда.

**АК мүшесі, Н.К.Айменов:** Күн тәртібіндегі үшінші мәселеде «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша ББ жұмыс берушілердің сұранысына орай арнайы шығармашылық, кәсіби әдістемелік пәндерінің кредиті 260 кредитке көтерілді, сондықтан, университет басшылығының болашақ шығармашыл педагог-мұғалімдерді дайындау саласына да аса мән беріліп отырғандығын ескеру қажет. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленуде.

**АК мүшесі,** Дене мәдениеті кафедрасының оқытушысы Б.Ж.Қуанышбаев: АК мүшелері Спорт және өнер факультеті ОПҚ тарапынан 7 оқу құралының дайындалып жатқандығын, дене шынықтыру мұғалімдерін дайындауға, көркем еңбек пен бейнелеу өнері мұғалімдерін даярлауға қатысты оқу құралдары шыққандығын, маусым айында 2 оқу құралы жариялауға дайындалуда екендігін, дегенмен 2-8 қосымша үшін бұл

жеткіліксіз екендігін ортаға салды. Берілген ұсыныста тізімде көрсетілген Қазақстан баспаларынан шыққан оқулықтардың қосымша тізімдері жасалып, оларды университеттің сатып алуға ұсыныстар берілді.

**АК төрағасы Е.Ауелбеков:** Құрметті АК мүшелері «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерін даярлау» бағыты бойынша бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Талқыланған жұмыстар бойынша алда ауқымды шараларды бірігіп жасауға шақырамын.

**Шешім:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ББ іске асыруда университеттің мүмкіндіктері ескерілсін, екінші мәселе бойынша ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықталып, үшінші мәселе бойынша гугл дисктегі форма толтырылғандығы қабылдансын, қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірленсін, төртінші мәселе бойынша барлық ББ жүзеге асыруға жетіспейтін оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың тізімі дайындалсын, бесінші мәселе бойынша сәуір айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі талдансын және қабылдансын.

**АК төрағасы,**

**п.ғ.к, қауымдастырылған профессор:** **Е.Б.Ауелбеков**

**Хатшы, аға оқытушы:** **Г.Д.Абдуллаева**